

Менгеруші жанындағы кеңес

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
№ 1 кеңес			
1.	Бөбекжайдағы ішкі тәртіп ережелерінің сақталу жағдайын талдау.	Қыркүйек	Меңгеруші
2.	Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар.		Шаруа меңгеруші
3.	Қызметкерлер арасында тәртіп бұзушылықтарды болдырмау шаралары.		Кәсіподақ ұйымы төр.
4.	Ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талқылау.		Әдіскер
5.	Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы.		Меңгеруші
№ 2 кеңес			
1.	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының орындалуын талдау.	Желтоқсан	Меңгеруші
2.	Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы.		Мейірбике
3.	Қызметкерлер мен балалар арасында алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін түсіндіру.		Мейірбике
4.	Өрт және басқа төтенше жағдайларға дайындық.		Шаруа меңгеруші
5.	Балалардың денсаулығын нығайту бойынша шаралар.		Әдіскер
6.	«Күн тәртібінің ұйымдастыруды бақылау».Жедел бақылаудың қорытындысы.		Меңгеруші,әдіскер,мейірбике
№3 кеңес			
1.	Қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілігі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау жағдайын талқылау.	Сәуір	Меңгеруші
2.	Қызметкерлердің біліктілігін арттыру шаралары.		Әдіскер
3.	Еңбек тәртібін бұзған жағдайларды қарастыру және оларды шешу.		Тәрбиеші

**«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Отырыстың өткізілу уақыты: 2024 ж. 12 қыркүйек
Өткізілген орны: «Маржан-Ана» балабақшаның акт залы

Қатысқандар:

1. Шиналиева С.Т. – меңгеруші
2. Бейсенбаева Б.Ж. – әдіскер
3. Оспанова Д.О. – тәрбиеші
4. Сариева К.М. – кәсіподақ ұйымы төрайымы
5. Темирбаева Ж.Л. – шаруашылық меңгерушісі

Күн тәртібі:

1. Бөбекжайдағы ішкі тәртіп ережелерінің сақталу жағдайын талдау.
2. Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар.
3. Қызметкерлер арасында тәртіп бұзушылықтарды болдырмау шаралары.
4. Ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талқылау.
5. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы.
6. Әртүрлі мәселелер.

1-ші мәселе бойынша: Бөбекжайдағы ішкі тәртіп ережелерінің сақталу жағдайы

Баяндамашы: Шиналиева С.Т.

Мазмұны:

Баяндамашы мекемеде ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына қатысты жағдайды сараптады. Балалардың келу және кету уақытының тәртіпке сай екені, бірақ кейбір тәрбиешілердің жұмыс уақытына кешігу деректері анықталғанын айтты. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау балалардың қауіпсіздігі мен оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады.

Талқылау:

Әдіскер Ботакоз Джакселиковна: «Әр қызметкерге ережелерді сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.»

Тәрбиеші Диляра Орынбасарқызы: «Кейбір ата-аналардың балаларды кеш алып кету жағдайлары жиі қайталануда».

Шешімдер:

- 1.Ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша барлық қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- 2.Балалар мен ата-аналар үшін ішкі тәртіп ережелері жазылған ақпараттық парақшаларды тарату.
- 3.Жұмыс уақытына қатысты бақылауды күшейту үшін арнайы журнал жүргізу.

2-ші мәселе бойынша: Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Баяндамашы:ТемирбаеваЖ.Л.

Мазмұны:

Баяндамашы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғимарат ішіндегі тазалық пен санитарлық нормалардың сақталуын тексеру нәтижелерін ұсынды. Сонымен қатар, эвакуация жолдары мен өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына назар аударылды.

Шешімдер:

- 1.Барлық бөлмелердің санитарлық жағдайын қадағалау.
- 2.Өрт қауіпсіздігі бойынша тренинг өткізу.
- 3.Әр аптада тазалық пен қауіпсіздік шараларының орындалуын тексеру.

3-ші мәселе бойынша: Қызметкерлер арасында тәртіп бұзушылықтарды болдырмау шаралары

Баяндамашы:СариеваК.М.

Мазмұны:

Күнсұлу Мансұрқызы қызметкерлер арасында этика мен кәсіби тәртіпті сақтау қажеттілігі туралы айтты. Кейбір жағдайларда тәрбиешілердің уақытында жұмыс орнында болмауы және ішкі тәртіпке қатысты талаптарды бұзуы орын алған.

Шешімдер:

- 1.Тәртіп бұзушылықтарға қатысты ескерту жүйесін енгізу.
- 2.Қызметкерлердің тәртібін бақылау үшін апта сайынғы талдаулар жүргізу.
- 3.Меңгерушімен жеке әңгімелесу ұйымдастыру.

4-ші мәселе бойынша: Ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талқылау

Баяндамашы:БейсенбаеваБ.Ж.

Мазмұны:

Ата-аналардың балабақшаның ішкі тәртібіне қатысты ұсыныстарын жинау бойынша сауалнама қорытындылары ұсынылды. Негізгі мәселелер: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бейнебақылау жүйесін енгізу.

Балаларды қабылдау мен қайтару уақытының нақты кестесін бекіту.

Шешімдер:

- 1.Бейнебақылау орнату мүмкіндігін қарастыру.
- 2.Ата-аналарға балаларды уақытылы алып кету қажеттілігі туралы хабарлама тарату.

5-ші мәселе бойынша:Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы.

Баяндамашы:әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

Мазмұны:

Жаңа оқу жылына дайындық мақсатында балабақша топтарына кешенді шолу-тексеру жүргізілді.Тексерудің басты мақсаты-тәрбиенушілерге қолайлы,қауіпсіз және дамытушы орта қалыптастыру,оқу-тәрбие процесіне толық дайындықты қамтамасыз ету.

1.Топ бөлмелерінің жай-күйі:

- Барлық топ бөлмелері санитарлық талаптарға сай келтірілген,жөндеу жұмыстары толық аяқталған.
- Еден,қабырғалар,жиһаздар талапқа сай,қауіпсіздік ережелері сақталған.
- Әр топта желдету жүйесі мен жарықтандыру жақсы жұмыс істейді.

2.Ойын және оқу құралдарымен қатамасыз етілуі:

- Дидактикалық,дамытушы ойындар,конструкторлар,логикалық тапсырмалар жаңартылған.
- Жас ерекшеліктеріне сай көрнекі құралдар,оқыту материалдары жеткілікті.
- Жұмсақ мүлік,төсек-орын,ыдыс-аяқ толықтай жаңартылып,санитарлық нормаларға сәйкес өнделген.

3.Тәрбие-оқу жоспары мен құжаттамалар:

- Барлық жас ерекшелік топтарына арналған жылдық,күнтізбелік жоспарлар жасалып,бекітілген.
- Тәрбиешілердің жеке жұмыс жоспарлары мен баланың даму карталары дайын.
- Денсаулық сақтау,қауіпсіздік,экология,тіл дамыту бағыттарында интеграциялық жоспарлар енгізілген.

4.Қызметкерлердің дайындығы:

- Тәрбиешілер мен көмекші персонал біліктілік талаптарына сай,оқу жылына толық дайын.

-Қауіпсіздік техникасы,алғашқы көмек көрсету,санитарлық талаптар бойынша нұсқамалар өткізілген.

-Әдістемелік бірлестік жұмысы ұйымдастырылған,педагогтар жаңа оқу бағдарламаларымен таныстырылды.

5.Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы:

-Медицина бөлмесі талапқа сай жабдықталған,алғашқы көмек қобдишалары толық.

-Балаларға арналған күн тәртібі құрастырылған,дұрыс тамақтану мен ұйқы режимі сақталады.

-Санитарлық-гигиеналық нормалар толық қамтамасыз етілген.

Қорытынды:

Балабақшадағы барлық топтар 2024-2025 оқу жылын бастауға толық дайын.Тәрбиешілер мен әкімшілік тарапынан оқу жылы барысында жүйелі бақылау,әдістемелік қолдау және дамытушы орта қалыптастыру жұмыстары жалғасатын болады.

Отырыс қорытындысы:

Меңгеруші Салтанат Толегеновна отырыстың барлық шешімдерін қорытындылап, оларды іске асыру мерзімін бекітті. Барлық шешімдер қатысушылардың дауыс беруімен мақұлданды.

Балабақша меңгерушісі «Маржан-Ана» Пиналиева С.Т.



**«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

Отырыстың өткізілу уақыты: 2024 ж. 25 желтоқсан, сағ. 13:00

Қатысқандар:

1. Шиналиева С.Т. – меңгеруші
2. Бейсенбаева Б.Ж. – әдіскер
3. Баимбетова М.С. – педагог-психолог
4. Сариева К.М. – медбике
5. Темирбаева Ж.Л. – шаруашылық меңгерушісі

Күн тәртібі:

1. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының орындалуын талдау.
 2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы.
 3. Қызметкерлер мен балалар арасында алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін түсіндіру.
 4. Өрт және басқа төтенше жағдайларға дайындық.
 5. Балалардың денсаулығын нығайту бойынша шаралар.
- 1-ші мәселе бойынша: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары**

Баяндамашы: Шиналиева С.Т.

Мазмұны:

Меңгеруші мекемедегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар туралы баяндады. Оған бөлмелердегі электр құрылғыларының қауіпсіздігі, ойын алаңдарының жарақаттанудан сақтандыру жағдайы, есіктер мен терезелердің бекітілуі кіретіні айтылды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша ай сайын тексеру жүргізілетіні туралы ақпарат берілді.

Талқылау:

- Ботакоз Джакселиковна: «Әр бөлмедегі құрал-жабдықтардың қауіпсіздігін жиі тексеру қажет».
- Күнсұлу Мансуровна: «Балаларға арналған ойын алаңдарына қосымша қоршаулар орнату керек.»

Шешімдер:

1. Қауіпсіздік журналын толтыру үшін жауапты қызметкерді бекіту.
2. Барлық бөлмелерде қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін элементтерді жою.
3. Ойын алаңдарының жабдықтарын қосымша тексеру жүргізу.

2-ші мәселе бойынша: Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы. Баяндамашы: Сариева К.М.

Мазмұны:

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталу барысы бойынша есеп берілді. Барлық топтарда күнделікті дезинфекция жұмыстары жүргізілетіні, қол жуу ережелері бойынша балалар мен қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары өткізілгені айтылды.

Шешімдер:

1. Топтық бөлмелер мен асханаға арналған санитарлық тазалық нормаларын қатаң сақтау.
2. Медициналық құралдардың жеткілікті болуын қамтамасыз ету.
3. Балалар мен қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауы үшін плакаттар орнату.

3-ші мәселе бойынша: Алғашқы медициналық көмек көрсету

Баяндамашы: Сариева К.М.

Мазмұны:

Күнсұлу Мансурқызы алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша өткізілген тренинг нәтижелерін таныстырды. Барлық қызметкерлер балаларға алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерімен таныс болғаны, бірақ бұл бағытта тұрақты түрде қайта оқыту қажет екенін айтты.

Шешімдер:

1. Қызметкерлерге алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша ай сайынғы тренинг ұйымдастыру.
2. Медициналық көмек көрсету құралдарының толық жиынтығын қамтамасыз ету.

4-ші мәселе бойынша: Өрт және басқа төтенше жағдайларға дайындық

Баяндамашы: Темирбаева Ж.Л.

Мазмұны:

Өрт қауіпсіздігі бойынша оқыту және эвакуациялық жоспарды орындау барысы талқыланды. Оқу-жаттығу барысында кейбір кемшіліктер анықталғаны туралы баяндама жасалды.

Шешімдер:

1. Қызметкерлер мен балалар үшін эвакуациялық жоспарды қайта пысықтау.
2. Өрт сөндіргіш құралдардың жарамдылығын тексеру.
3. Балалар мен қызметкерлерге қауіпсіздік бойынша айлық дәрістер өткізу.

5-ші мәселе бойынша: Балалардың денсаулығын нығайту шаралары

Баяндамашы: Бейсенбаева Б.Ж.

Мазмұны:

Балалардың денсаулығын нығайту бойынша профилактикалық шаралар жүргізілгені туралы ақпарат берілді. Балалардың физикалық белсенділігін арттыру, таза ауада серуен ұйымдастыру және иммунитетті көтеру үшін қосымша шаралар қажет екені айтылды.

Шешімдер:

1. Балалардың денсаулық күндерін ұйымдастыру.
2. Мекеме мәзіріне дәруменге бай тағамдарды қосу.
3. Балалар арасында спорттық ойындарды жиі өткізу.

Отырыс

қорытындысы:

Меңгерушісі Шиналиева С.Т. барлық шешімдерді қорытындылап, олардың іске асырылу мерзімдерін бекітті. Барлық ұсыныстар қатысушылардың дауыс беруімен мақұлданды.

Балабақша меңгерушісі



Шиналиева С.

**«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Отырыстың өткізілу уақыты: 2025 ж. 19 сәуір, сағ. 13:00

Өткізілген орны: «Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасының акт залы

Қатысқандар:

1. Шиналиева С.Т. – меңгеруші
2. Бейсенбаева Б.Ж. – әдіскер
3. Джумалиева Р.М. – тәрбиеші
4. Талипов М.П. – музыка жетекшісі
5. Темирбаева Ж.Л. – шаруашылық меңгерушісі

Күн тәртібі:

1. Қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілігі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау жағдайын талқылау.
2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру шаралары.
3. Еңбек тәртібін бұзған жағдайларды қарастыру және оларды шешу.

1-ші мәселе бойынша: Қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілігі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау

Баяндамашы: Шиналиева С.Т.

Мазмұны:

Бөбекжайдың меңгерушісі қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілік деңгейіне баға берді. Кейбір қызметкерлердің жұмыс уақытына кешігіп келуі немесе міндеттерін толық орындамауы сияқты жағдайлар анықталғанын айтты. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау мекеменің тұрақты әрі сапалы жұмысын қамтамасыз ететін маңызды талап екені ерекше атап өтілді.

Талқылау:

Ботакоз Джакселиковна: «Тәртіп бұзушылықтар бойынша ескерту беру және бақылауды күшейту қажет».

Рыскуль Мағзамовна: «Жұмыс тәртібін бұзудың себебін анықтап, алдын алу шараларын қарастыру маңызды».

Шешімдер:

1. Қызметкерлердің жұмыс уақытының сақталуын бақылау үшін арнайы журнал жүргізу.

- 2.Әр қызметкерге ішкі тәртіп ережелерін қайта түсіндіру.
- 3.Кешігу немесе басқа тәртіп бұзушылықтар қайталанған жағдайда ескерту беру.

2-ші мәселе бойынша: Қызметкерлердің біліктілігін арттыру шаралары
Баяндамашы: Бейсенбаева Б.Ж.

Мазмұны:

Әдіскер мекемедегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстарға шолу жасады. Соңғы айда кейбір тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарынан өткенін, бірақ бұл жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін айтты. Заманауи әдістемелер мен инновациялық тәсілдерді қолдану балалардың дамуына оң әсер ететінін атап өтті.

Шешімдер:

- 1.Қызметкерлерге біліктілікті арттыру курстарына қатысу кестесін бекіту.
- 2.Әдіскерлердің жетекшілігімен ішкі оқыту семинарларын ұйымдастыру.
- 3.Біліктілігін арттыру курстарын аяқтаған қызметкерлерден тәжірибе бөлісу бойынша мастер-класстар өткізу.

3-ші мәселе бойынша: Еңбек тәртібін бұзған жағдайлар және оларды шешу

Баяндамашы: Джумалиева Р.М.

Мазмұны:

Тәрбиеші Рыскуль Мағзамовна тәртіп бұзушылықтар туралы ақпарат берді. Соңғы айда бірнеше қызметкер жұмыс уақытына кешігіп келген және кейбір құжаттарды уақытында тапсырмаған жағдайлар тіркелгенін баяндады. Мұндай тәртіп бұзушылықтардың мекеме жұмысына кедергі келтіретіні айтылды.

Шешімдер:

- 1.Еңбек тәртібін бұзған қызметкерлерге жеке ескерту жасау.
- 2.Жұмыс тәртібін бұзушылықтардың алдын алу үшін жиі бақылау жүргізу.
- 3.Қызметкерлермен мотивациялық жұмыстар жүргізу.

Отырыс қорытындысы:

Менгеруші Салтанат Толегеновна барлық талқыланған мәселелердің

маңыздылығын атап өтті. Барлық шешімдер бекітілді және іске асыру мерзімдері анықталды.

Балабақша меңгерушісі  Шиналиева С.Т.